

## Педагог мәртебесі биіктейді

Президенттің жыл сайынғы халыққа Жолдауы – республиканың әрбір тұрғыны үшін маңызды оқиға. Әркім онда өзі үшін маңызды бағытты табады. Биылғы жылдың Жолдауы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері мен қазақстандықтардың әл-ауқатын әрі қарай арттыру бойынша міндеттерге арналған. Бұл нақты тәжірибелік істердің бағдарламасы, сөз жоқ, барлық қазақстандықтарға, соның ішінде бірінші кезекте, бізге, зиялы қауымның алдыңғы шебінде тұрған педагогтерге қатысты.

Елбасы Жолдауы барша ұстаздар қауымын қуанышқа бөледі. Еліміздің тарихында алғаш рет «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданатын болады. Бұл – әрбір педагогтің әл-ауқатына тікелей қатысы бар нағыз тарихи оқиға. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі барлық техникалық жаңалықтар жағдайында мұғалім тұлғасы білім беру үрдісінің негізгі түйіні болып табылады. Бұл зор жауапкершілік жүктейді, себебі білім берудің уақыт талабы мен заманауи экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін деңгейін қамтамасыз етуі тиіс тұлға – мұғалім.

Президент білім берудің жаңа сапасына баса назар аударды. Біз, педагогтер қауымы, Президент саясатын қолдаймыз. Біздің білім беру жүйеміз әлемдік стандарттарға сәйкес келіп, нақты жетістіктерге жететін әрі Қазақстанды жаңа деңгейге шығаратын заманауи ұрпақ тәрбиелеуі үшін түбегейлі өзгеруі керек. Қазіргі жағдайда білім беру жүйесі, соның ішінде жоғары білім бұрынғы үлгіде жұмыс істемеуі тиіс. Жаңа Жолдауда Елбасы білім беру жүйесінің жақын арадағы мақсаттарын нақты көрсетіп, мұғалімдерге білім беру қызметтерін ұсынуда одан да

жоғары көрсеткіштерге жету үшін бағдар берді.

Президенттің жыл сайынғы халыққа Жолдауы еліміздің бірнеше жыл ішіндегі даму бағытын, ырғағын анықтайтыны шүбәсіз. Біз Елбасымыз тандаған жолдың дұрыс әрі мақсатқа бағытталғанын анық көріп тұрмыз. Қарқынды түрде өзгеріп жатқан қазіргі әлемде көп нәрсе бізге, педагогтерге байланысты. Біз оңтайлы еңбек ету керектігін, сөйтіп әрбір қазақстандық өз әл-ауқатына қол жеткізетіндігін түсінеміз.

Біз бәріміз де Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының қуәгерлеріміз. Ширек ғасырдан астам уақытта Қазақстан нағыз егемендікке қол жеткізіп, мемлекеттің нығаюы мен гүлденуіне бағытталған беталыстан бұрылмай, нық қадам басып келеді. Мемлекет саясатының басты бағыты әрдайым еліміздің болашағы – жастарды қолдау болып келді: олардың білім, баспана алу, жұмысқа тұру жағдайлары ұдайы назарда болды. Бұл өзгерістер туралы Президент бірнеше рет айтты, енді бұл сөздер әрі қарай тәжірибе жүзінде іске асуда.

Елбасы Жолдауы жаһандық синтегеуріндерді еңсерудің жаңа жолдары мен мүмкіндіктерін анықтайды. Белгіленген міндеттерге қол жеткізуде бар күшті шоғырландыру халықтың өмір сүру деңгейін бірнеше есе арттырып, мемлекетті жаңа даму жолына шығара алады. Президентіміздің жетекшілігімен еліміздің алдағы жылдарға арналған барлық басым даму міндеттері табысты іске асатындығына еш күмәніміз жоқ.

**Алтынбек НУХҰЛЫ,**  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры